

(жоспардан тыс) Педагогикалық кеңестің № 4 хаттамасы

Өткізу күні: 30.01.2025 жыл

Қатысқандар саны: - 21

Қатыспаған: - 0

Тақырыбы: «Айгөлек» бөбекжай - балабақшасының өзін - өзі аттестаттауды қорытындылау.

Мақсаты: Білім беру мекемесінің оқыту және тәрбиелеу сапасын арттыру бойынша мектепке дейінгі ұйым қызметін тиімділігін талдау беру және өзін – өзі бағалау.

Күн тәртібі:

1. «Айгөлек» бөбекжай – балабақшасының өзін-өзі бағалау бойынша комиссия мүшелерінің есебі.

2. Өзін – өзі бағалау қорытындысы бойынша есеп.

Бірінші мәселе бойынша, меңгеруші М.С.Кужакова сөз сөйледі, ол педагогикалық ұжымды 2022 жылдан бастап 2025 жылдың қаңтар айына дейінгі кезеңде қызметтің барлық бағыттары бойынша мектепке дейінгі ұйымның өін-өзі бағалау қорытындыларымен таныстырды. Мектепке дейінгі ұйым штаттық кестеге сәйкес педагогикалық кадрлармен толық қамтылған. Ағымдағы жылы 13 педагог жоғары педагогикалық білімі бар, ол 59% құрайды. Оның ішінде 10 педагог «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша, 9 педагог арнайы орта білімі бар, ол 41% құрайды. Оның ішінде 7 педагог «Мектепке дейінгі арнаулы орта білім» мамандығы бойынша педагогикалық білімі бар. Педагогтар аттестаттаудан жаңа форматтан өтеді. Педагог сарапшы - 3, педагог модератор - 12, бірінші санатты - 1, санатсыз-6. Барлық педагогтар 3 жылда бір рет қайта даярлау курстан өтеді. Балабақшада 7 топ жұмыс жасайды. Жобалық құжаты 160 орын. Оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, перспективалық жоспарлар негізінде жүзеге асырылады. Оқу жүктемесі МЖМБС талаптарына сәйкес келеді. Дамыта оқыту технологиялары, ынтымақтастық педагогикасы, ойын технологиялары практикалық қызметке белсенді енгізілуде. Бұл оқыту сапасын қамтамасыз етті, бағдарламалық материалды игеру деңгейі артты. Әдістемелік қызметтің мазмұны оқытуды технологияландыруға, жаңа дидактикалық материалды құрастыруға, стандартты емес тапсырмаларды іздеуге, стандартты емес жағдайларды жасауға бағытталған. Бұл сабақтарды құзыреттілік тәсіл тұрғысынан ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ересек тобының ата – аналар арасында телеграмм каналында сауалнама өткізілді. 57 ата – ананың арасынан 57 ата – ана қатысты. Ол 100% қатысымды көрсетеді. Мектепке дейінгі ұйымда әр баланың өзгеруі, жайлылығы мен әл ауқаты ескеріледі, психологиялық - педагогикалық сүйемелдеу қызметі, психолог кабинеті жұмыс жасайды. Әр топта «Біртұтас бағдарламасы» аясында ұлттық қазақ бұрышы, кітап бұрышы,

табиғат бұрышы, жол ережесі бұрышы, баланың жекелену бұрышы ұйымдастырылды. Медициналық қызметтер, контингенттің денсаулық жағдайы мен дене дамуын динамикалық бақылауы, қозғалыс режимі ұйымдастырылды. Санитарлық гигиеналық жағдайды бақылау, ата –аналар, тәрбиеленушілер арасындағы санитарлық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру арқылы мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың физикалық күйіне бақылау жүргізіледі.

1. Ұйымдастырылған іс-әрекет МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.
 2. Білім беру іс-әрекеті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына негізінде жүзеге асырылады.
 3. Үлгілік оқу жоспарлары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасында белгіленген, қойылған талаптарға сәйкес келеді.
 4. Жас топтары бойынша игеруге жататын білім, білік, дағды мен құзырет көлемі МЖМБС және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келеді.
 5. Топтарды жинақтау кезінде балалардың жас ерекшелігі сақталады.
- Екінші сұрақ бойынша мектепке дейінгі ұйымының әдіскері Б.К. Иралимова сөйледі.

Ол комиссия мүшелерімен бағалау өлшемшарттар қорытындысын шығарды. Ол 42 балл 84% - ды құрайды.

Шешімі:

1. Бағалауға «жақсы» - 4 балына сәйкес келеді.
2. Балабақша сайтында өзін –өзі бағалау қорытындылары бойынша қорытынды орналастырылсын.

/Төрайымы

Хатшы



М.С.Кужакова

З.А.Тлепова